

Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған, 1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы N 10/2 қаулысына түсіндірме беру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қосымша қаулысы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 3 Қосымша Қаулысы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Төраға И.И.Рогов, Кеңес мүшелері Х.Ә. Әбішев, Қ.Ж. Балтабаев, Н.В.Белоруков, С.Ф. Бычкова, А.М.Нұрмағамбетов, Ү.М.Стамқұлов қатысқан құрамда, мыналардың:

- өтініш субъектісінің өкілдері - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары М.Шахановтың, Е.Әбілқасымовтың, А.Айталының,

- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі С.П.Нұғымановтың,

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитетінің төрағасы Е . З . Қ а ж ы б е к т і н ь ,

- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі - Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры аппаратының басшысы Р.Қ.Сарпековтың қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының "Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған, 1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы N 10/2 қаулысына түсіндірме беру жөніндегі өтінішін қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп, баяндамашыны - Конституциялық Кеңестің мүшесі Х.Ә.Әбішевті және конституциялық іс жүргізуге қатысушыларды тыңдап, **Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі** мынаны

анықтады :

"Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 35-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес 2007 жылғы 15 қаңтарда Қазақстан Республикасы

Парламентінің бір топ депутаттары "Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған, 1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы N 10/2 қаулысына түсіндірме беру туралы өтінішпен Конституциялық Кеңеске жүгінді.

Өтініш субъектісі жоғарыда көрсетілген қаулыны түсіндірген кезде мынадай сұрақтарға жауап беруді сұрайды:

- "мемлекеттік ұйымдарда емес", мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар іс-шараларда, қабылдауларда, ассамблеяларда, съездерде, конференцияларда, дөңгелек үстел отырыстарында мемлекеттік тілдің ресми түрде қолданылатын тілден басымдығы болады ма";

- Республика Конституциясының 7-бабының 2-тармағында пайдаланылған "тең" ұғымы (термині) осындай іс-шараларға қатысты ма?".

Конституциялық Кеңестің отырысы кезінде өтініш субъектісінің өкілдері, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 21-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, мынадай мәселені түсіндіріп беруді сұрай отырып, өздерінің ауызша түрдегі өтінішін мәлімдеді: "мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады" деген конституциялық норманы (Конституцияның 7-бабының 2-тармағы) орыс тілі екінші мемлекеттік тіл болып табылады деп түсінген жөн бе?

Өтініште қойылған сұрақтардың мән-жайына қарай Конституциялық Кеңес мыналарды қосымша түсіндіру қажет деп санайды.

1. Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды (7-бап).

Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 8 мамырдағы N 10/2 қаулысында, Конституцияның "мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады" деген 7-бабының 2-тармағы мынадай деп түсіндіріледі: "аталған конституциялық норма біржақты түсіндіріледі, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ және орыс тілдері тең дәрежеде, ешбір жағдайдан тыс бірдей қолданылады".

Бұл, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өз өкілеттіктерін іске асыруына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнама әркімнің де тілдердің қызмет ету саласында конституциялық құқықтары жүзеге

асырылуының механизмдерін көздеуге, соның ішінде, жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына өтініш беру және олардан Конституцияның 7-бабының 2-тармағын сақтай отырып - іс қай тілде жүргізілуіне қатыссыз қазақ немесе орыс тілдерінде тең дәрежеде ақпарат алу мүмкіншілігін қамтамасыз етуге тиіс дегенді білдіреді.

Қазақ және орыс тілдерін пайдаланудағы теңдік сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің заңдық маңызы тең екенін де білдіреді. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы" Конституциялық Кеңестің 2007 жылғы 14 ақпандағы N 2 қаулысынан келіп шығатыны, егер қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің сәйкессіздігі құқықтық норманың тұжырымдамалық мазмұнын бұрмалап, оны біржақты түсінуге мүмкіншілік бермейтін болса, онда Негізгі Заңның 7-бабының 2-тармағын негізге ала отырып, мұндай норма белгіленген тәртіппен Конституцияға сәйкес емес деп танылуы мүмкін.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген конституциялық норма орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетінін білдірмейді.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде конституциялық жолмен баянды етілуінен келіп шығатыны, қазақ тілі Қазақстан мемлекеттілігін айқындайтын факторлардың бірі болып табылады, оның егемендігін рәміздейді және Қазақстан халқының бірлігін білдіретін, Республиканың конституциялық-құқықтық мәртебесінің элементі болып табылады.

Мемлекеттік тілдің жоғары саяси-құқықтық мәртебесі оның жария-құқық саласында қызмет етуінің айрықшалығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігімен расталады: Республика Президенті мен Парламенті Палаталары төрағаларының мемлекеттік тілді міндетті түрде еркін меңгеруі; мемлекеттік рәміздерде тек қана қазақ тілінің пайдаланылуы; мемлекеттік органдардың мөрлері мен мөртаңбаларындағы атауларының, мемлекеттің егемендігін айқындайтын мемлекеттік белгілердің (шекара бағандарында, кеден атрибуттарында және т.б.) қазақ тілінде жазылуы; мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық актілері мен өзге де ресми құжаттарының мәтіндерін қағазда және өзге де тасымалдауыштарда орналастырғанда, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми тұлғалары көпшілік алдында сөз сөйлегенде; мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми бланкілері мен басылымдарында; ұлттық валютада және өзге де мемлекеттік бағалы қағаздарда; Республика азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарда, мемлекет атынан берілетін өзге де құжаттарда, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметімен байланысты өзге де салаларда қазақ тіліне

Бұл жазылғандар, Негізгі Заң қазақ тіліне жария-құқықтық маңыз бере отырып, оның мәртебесінің үстемдігін көздейтінін айғақтайды (Конституцияның 7-бабының 1-тармағы).

3. Конституция мемлекеттік тілдің, ресми түрде пайдаланылатын тілдің және өзге де тілдердің тұрмыстағы, адамдар арасындағы, ұжым ішіндегі қарым-қатынаста, мемлекеттік емес ұйымдарда, соның ішінде, мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар іс-шаралар (қабылдаулар, ассамблеялар, съездер, конференциялар, дөңгелек үстел отырыстарын) өткізу кезінде қызмет етуін регламенттемейді. Республика Конституциясының 7-бабының 2-тармағында пайдаланылған "тең" ұғымы тұрмыстағы, адамдар арасындағы және ұжым ішіндегі қарым-қатынасқа, сондай-ақ қаралып отырған өтініште көрсетілген іс-шараларға қатысты емес.

Конституция әркімге өз қалауы бойынша қарым-қатынас тілін таңдап алу құқығын береді. Мәселен, Конституцияның 19-бабының 2-тармағына сәйкес "әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар". Сонымен бірге мемлекет мемлекеттік тілге, оның дамуына, мемлекеттік-құқықтық реттеу саласын ғана емес, қоғамдық қатынастардың басқа да барлық салаларын қамтып, қолданылуына қамқорлық жасауға тиіс.

Конституцияның 7-бабының 3-тармағын негізге ала отырып, заңнамада қазақ тілінің дамуына жағдай жасалуға тиіс. Осыған орай Конституциялық Кеңес "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы" 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 4 қаулыда : "бұқаралық ақпарат құралының телевизия және радио хабарларының мемлекеттік тілдегі апталық көлемі уақыт жағынан басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен кем болмауы, сондай-ақ мемлекеттік тілдегі хабарларды хабар таратудың тәуліктік кестесіне біркелкі орналастыру туралы талаптардың белгіленуі басқа тілдердің мәртебесіне нұқсан келтірмейді, өйткені ол Негізгі Заңның 7-бабында бекітілген жалпы ережелер мен принциптерді іске асыруға бағытталған" деп атап кетті.

4. Мемлекет қоғамда қызмет етуші кез келген тілді қорғауға және тіліне байланысты кемсітушіліктің алдын алуға тиіс. Заңнама және құқық қолдану практикасы Конституцияның 14-бабы 2-тармағының "ешкімді ешқандай, соның ішінде тіліне байланысты, кемсітуге болмайды" деген нормасын ескеруге тиіс.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылдаған, "Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 -III Заңымен ратификацияланған, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде: барлық адамдар заң алдында тең және қандай да болсын кемсітуге ұшырамай, заңмен тең қорғалуға құқылы. Бұл орайда кемсітудің қандай

түріне болса да, заң тұрғысынан тыйым салынады және заңда барлық адамдар, қандай да бір белгісіне, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық және әлеуметтік тегіне, мүліктік жағдайына, туу және басқа жағдаяттарына қарамастан кемсітуден тең және тиімді түрде қорғалатынына кепілдік берілуі тиіс. Этникалық, діни және тіл азшылығы бар елдерде, осындай азшылық құрамындағы адамдар өз тобының басқа мүшелерімен бірге өз мәдениетін пайдалану, өз дінін тұтыну, дінінің салт-жораларын ұстану және ана тілінде сөйлеу құқығынан айырылмауы тиіс делінеді (26 және 27-баптар).

Жазылғанның негізінде, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Конституциялық заңның 35-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын, 2 және 3-тармақтарын және 41-бабын басшылыққа алып, **Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі қаулы етеді :**

1. "Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған, 1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы N 10/2 қаулысынан келіп шығатыны, мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ және орыс тілдері тең дәрежеде, ешбір жағдайдан тыс бірдей қолданылады.

2. Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тіл - қазақ тілі мен ресми түрде пайдаланылатын орыс тілінің тең қолданылуы бұл соңғысына екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетінін білдірмейді.

Мемлекеттік тіл мәртебесінің үстем болуы оның жария-құқық саласында қолданылуының айрықшалығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігін білдіреді.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан тыс жерлерде, атап айтқанда, мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар іс-шаралар (қабылдаулар, ассамблеялар, съездер, конференциялар, дөңгелек үстел отырыстарын) өткізу кезінде қазақ және орыс тілдерінің тең қолданылуын белгілемейді, ал Конституцияның 7-бабының 2-тармағында пайдаланылған "тең" термині мұндай іс-шараларға қатысты емес. Республика Конституциясы әркімге өз қалауы бойынша қарым-қатынас тілін таңдап алу құқығын береді. Бұл орайда, ынталандыра отырып, мемлекет мемлекеттік тілге, оның дамуына, мемлекеттік-құқықтық реттеу саласын ғана емес, қоғамдық қатынастардың басқа да барлық салаларын қамтып, қолданылуына қамқорлық жасауға тиіс.

4. Заңнама және құқық қолдану практикасы Конституцияның ешкімді ешқандай, соның ішінде тіліне байланысты, кемсітуге болмайды деген, сондай-ақ әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығын баянды ететін конституциялық ережелердің талабын ескеруге тиіс.

5. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

6. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К о н с т и т у ц и я л ы қ К е ñ е с і н і ñ

Төрағасы